"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

06.03.2020-ғы № 03-18/1072 шығыс хаты

ЖК «УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ»

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі –* Департамент) ЖК «ҚОБЫЛАНДЫ» 15.02.2020 жылғы №62783 өтініші негізінде Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен ұйымдастырылған №3848799-1 «Азық-түлік» ашық конкурс тәсілімен жарияланған мемлекеттік сатып алудың №29455326-ОК1, №29455166-ОК1, №29455359-ОК1, №29455296-ОК1, №29455412-ОК1, №29455099-ОК1, №29455211-ОК1, №29455285-ОК1, №29455137-ОК1, №29455149-ОК1, №29455283-ОК1, №31047911-ОК1, №29455217-ОК1, №29455292-ОК1, №29455334-ОК1, №29455313-ОК1, №29455103-ОК1, №29455163-ОК1, №29455170-ОК1, №29455182-ОК1 лоттары бойынша камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі – Қағида)* 150 тармағы 1 – тармақшасына сәйкес, Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы.

Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 7-қосымшасы 5 тармағына сәйкес, Әлеуеті өнім бреушілер растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, тауарларды жеткізу үшін қажет талап етілетін еңбек ресурстары туралы мәліметтерді ұсынады. Атап айтқанда, Мамандық (біліктілік) атауы, Қызметкерлердің Т.А.Ә. (жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі қоса берілсін), Біліктілік туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың нөмірі мен берілген күні көрсетілсін, олардың электрондық көшірмелері қоса берілсін), Растау құжаттарының электрондық көшірмесі (сілтеме).

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, мемлекеттік сатып алуды Ұйымдастырушы тарапынан конкурста Әлеуетті өнім берушілерге еңбек ресурстарына ие болу туралы біліктілік талаптарында 1 жүргізуші және 1 экспедитор белгіленгені анықталды.

06.03.2020 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Конкурстық құжаттаманы зерделеу барысында, Әлеуетті өнім беруші ЖК «Кобыланды» өтінім құрамында жүргізуші Асанбаев Б.М. және экспедитор Қобыланды С.Қ-ның растайтын құжаттары ұсынылғандығы анықталды.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, мемлекеттік сатып алуды Ұйымдастырушы тарапынан конкурста әлеуетті өнім берушілерге материалдық ресурстарды иелену бөлігінде біліктілік талаптары белгіленбегені анықталды.

Осыған орай, әлеуетті өнім берушілер ЖК «Кобыланды» және «Дәуіт» ЖШС-нің, конкурстық өтінімдері осы бөлікте конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес ұсынылған.

2. Қағиданың 150 тармағы 2 – тармақшасына сәйкес, Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы.

Конкурстық құжаттаманы зерделеу барысында, әлеуетті өнім берушілер ЖК «Кобыланды» және «Дәуіт» ЖШС-нің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынғандығы анықталды.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу нәтижесі бойынша Сіздің өтінішіңізде көрсетілген уәждеріңіз ішінара дәлелін тауып, Департамент тарапынан Ұйымдастырушы мекемеге камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданды.

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдей келе, өтініш мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **А.Омаров**

✍: А.Шопчекбаев
☎: 35-06-06

А. Байкуанышов